



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

толық сай келеді. Жапондықтардың өзі де, басқару туралы әңгіме болғанда, осы терминді қолданады. Жапондықтар өздерін американдықтардың шәкірті ретінде есептей отырып, менеджменттің барлық белгілі концепцияларын мұқият зерттеді, әрі өзіне сай етіп құра білді [5].

Қазіргі кезде басқару саласындағы жапондық тәжірибеге американдықтар көбірек көңіл бөле бастады, атап айтқанда, мұның өзі Массачусетс технологиялық институтында зерттелуде.

Жапонияда істі, өндірісті және басқаруды ұйымдастырудың жоғары деңгейі кімді де болса қайран қалдырады. Жапония - өндірістік қатынасты, сонымен қоса, басқару сипатын айқындайтын монополистік капитализм мемлекеті. Франциямен және Голландиямен қоса, Жапония экономиканы программалайтын капиталистік мемлекеттердің бірі. Талдаудың көрсеткеніндей қазіргі жапондық басқару жүйесі едәуір икемді, әрі тиімді механизм, оның өзі соғыстан кейінгі кезеңде, қазіргі ірі ауқымды өндірісті дамыту жағдайында қалыптасты.

Жапония - әлемдегі рынокты мемлекеттік реттеу мейлінше жоғары дамыған ел болып танылады, осы себептен ол еліктеуге және тәжірибе жинақтауға өте мықты мысал бола алады.

Қолданылған әдебиет

1. Майкл Мескон и др., “Основы менеджмента”, - М., 1995 г., 124 с.
2. Нәрібаев Қ, Жұмамбаев С., Менеджмент: Оқулық. - Алматы; Қазақ университеті, 1998 ж., 96 с.
3. Каору И. “Японские методы управления качеством” М., 1980 г., 26 с.
4. Оучи У. Г. “Методы организации производства: японский и американский подходы” М., 1978г., 232 с.
5. Пронников В.А., Ладанов И. Д. “Управление персоналом в Японии” М., 1985г., 39 с.

ОӘК 338.22.021.4

КӘСІПОРЫНДЫ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯСЫ: ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қабсамет Думангүл Жеңісқызы

Dumasya_93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» мамандығының 4-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - э.ғ.к. Хасенова Кенжегүл Қалмұратқызы

Дағдарысқа қарсы басқару стратегиясы дегеніміз корпорацияға төнетін банкроттық қаупі мен негізгі қаржылық көрсеткіштердің төмендеуі барысында, корпорацияның әрекетінің тиімділігін жоғарылататын стратегияны айтады. Бұл стратегия құрамына жоспарлауға байланысты іс-шаралар кешені, персоналды, қаржыны, қолдау топтарымен қарым қатынасты және заңды және т.б. іс-шараларды басқара отырып, фирманы банкроттық қаупінен және корпорацияны сауықтыруға жағдай жасауды қамтиды.

Өзіндік мәні бойынша стратегия ұйымның анықталған мақсаттарына жету үшін қызметтер тізбегінің технологиясын сипаттайтын көпөлшемді экономикалық категория.

Ұйымның сыртқы ортамен өзара қарым-қатынасын сипаттайтын ережелердің келесідей төрт тобын бөліп көрсетуге болады:

- Бірінші топ: қызмет нәтижесін бағалау ережелері (олар бағыт пен жоспарды қалыптастырады)

- Екінші топ: сыртқы ортамен қарым-қатынас ережелері (олар нарықтық стратегияны қалыптастырады, яғни: кімге және қандай мөлшерде жеткізу керек)

- Үшінші топ: ұйымының ішіндегі үрдістер мен қарым-қатынастар ережелері (ұйымдық

концепция)

- Төртінші топ: күнделікті іс-әрекет ережелері (оперативтік тәсіл)[1].

Ұйымның стратегиясын қалыптастыру оның қызметінің жалпы бағыттарын тандаумен аяқталады.

Ұйымның бірқалыпты жағдайы үшін стратегия ұзақ мерзімге (5-7 жыл) және қайта ұйымдастыру шараларын қарастырмай жасалуы мүмкін. Дағдарыстық жағдайдағы ұйымдар үшін стратегия салыстырмалы түрде қысқа мерзімде (1-3 жыл) және икемділік сипатқа ие; Ол көптеген қайта ұйымдастырушылық шаралар мен технологиялық жаңалықтарды қамти отырып жасалады.

Мерзімі мен мазмұнының қысқа болуы дағдарысқа қарсы басқару стратегиясының ерекшелігі болып табылады. Ұйым көзделген нақты жағдайға келген кезде, бұндай стратегия іске асқан болып саналады. Жалпы дағдарысқа қарсы басқару стратегиясын нақты мақсатқа жету, яғни дағдарысты жағдайдан шығу, құралы ретінде қарастыруға болады. Ұйым мақсаттары-бұл оның қызмет етуінің қалаулы нәтижелерінің жиынтығы болып табылады. Оның статистикалық және динамикалық жағдайын көрсететін графиктермен немесе басқа құралдармен сипатталуы мүмкін.

Әрбір ұйымда мақсаттарды анықтайтын өзіндік мақсаттар жүйесі болады: іскерлік ортаны; ұйымның меншік иелерін (инвесторлар); жалдамалы жұмысшыларды[1].

Жоғарғы менеджмент туралы айтатын болсақ, ол жалдамалы жұмыскерлердің бір бөлігі болса да, жоғарғы менеджменттің мақсаттары анықталған өзгешелігі болады. Олар меншік иелері мен жалдамалы жұмыскерлердің қызығушылықтарының теңдігімен беріледі. Бұл екі топ дағдарыстық ұйымның бас директордың тағдырын шешеді.

Әрбір ұйымда мақсаттарды анықтайтын өзіндік мақсаттар жүйесі болады: іскерлік ортаны; ұйымның меншік иелерін (инвесторлар); жалдамалы жұмысшыларды. Жоғарғы менеджмент туралы айтатын болсақ, ол жалдамалы жұмыскерлердің бір бөлігі болса да, жоғарғы менеджменттің мақсаттары анықталған өзгешелігі болады.

Олар меншік иелері мен жалдамалы жұмыскерлердің қызығушылықтарының теңдігімен беріледі. Бұл екі топ дағдарыстық ұйымның бас директордың тағдырын шешеді.

Дағдарыстық жағдайда стратегиялық менеджменттің назары мақсаттардың екінші тобына, яғни операциялық мақсаттарға негізделуі керек. Себебі осы мақсаттарға жете отырып ұйым тұрақсыз жағдайдан саты сатыдан өте отырып, шығып кете алады[2].

Бұл жерде «бағыттар» ұғымы шектік параметрлерді, дағдарысқа қарсы стратегияның тапсырмаларын орындау ережелерін сипаттауға бірден бір лайықты ұғым болып табылады.

Сонымен, дағдарысқа қарсы басқару стратегиясы программалық құжат болып табылады. Оның құрамына: мақсаттар атаулары (соңғы және аралық), ресурстар мен оларды игеру тәсілдері (персонал, фондтар, меншіктер қатынасы), дағдарыстан алып шығудағы мәселелерді шешу технологиясы (ұйым құрылымы, қаржылыө және маркетингтік қызметтер ережелері).

Дағдарысқа қарсы стратегияның осы құраушы элементтерінің тізбегінің өзі бұл экономикалық категорияның өте күрделі екендігін көрсетеді. Бұл жерде В.В.Гончаровтың «стратегия дегеніміз біршама абстрактілі ұғым. Әдетте оның жасалуы фирмаға еш тәйіп алып келмейді. Оның тиімділігі тек қана іске асқан жағдайда ғана болмақ» деген ойымен толықтай келімуге болады.

Өндірістік фирманың дағдарысқа қарсы басқару стратегиясының тұрақты функцияларының бірі болып, бағалау және оның дағдарыстық жағдайға түсуінің мүмкіндігін жоспарлау табылады. Фирманың бірқалыпты дамуында бұл міндет болжамды-аналитикалық сипатта болады. Ал дағдарыстық сатыда мерзімдері бойынша шектелген, көптеген жағдайда қысқа мерзімдік стратегия сипатында дамиды.

Әдетте ереже бойынша, дағдарыстық жағдайдағы өндірістік фирмада дағдарыстың ішкі және сыртқы себептері болады. Дағдарысты ерте болжаудың дұрыс болуы үшін, сыртқы ортаның жағдайын бағалау және соған қарай отырып, жақын және ұзақ мерзімдегі фирманың жағдайын болжау бірінші реттік маңызы бар болып табылады. Өнеркәсіптік фирмалардың

ұдайы өндірістік серпінділігіне сыртқы ортаның өзгерістері шешуші әсер етеді. Себебі кез-келген өнеркәсіптік фирма өз өнімдеріне деген сұраныс мөлшері мен макродеңгейдегі қаржылық саясатқа тікелей тәуелді болып табылады[2].

Өнеркәсіптік фирманың өмір сүруінде макродеңгей дағдарыстық үрдістерінің кез-келген страдиясын өз ынтасымен жеңе алады. Бұл макродеңгейдің нарықтық – бәсекелестік ортасының ерекшелігі болып табылады.

Қысқа мерзімді дағдарыстық жағдайлар жұмыс істеп тұрған фирмадағы күнделікті жағдайларды көрсетеді, әсіресе, тұрақсыз сыртқы орта жағдайында. Сыртқы ортаның қызмет белсенділігінің көрсеткіштерінің бірқалыпты өзгермелі жағдайында өнеркәсіптік фирмада үлкен дағдарыстың орын алуы ақырын және де үздіксіз түрде жүзеге асады. Бұл өндірістік фирмаға бастапқы стадияларда дағдарысты болдырмау шараларын жасауға, дағдарысты болжауға және фирманың дағдарыстық жағдайдан алып шығу жолдарын іздестіруге, яғни, жоғарғы технико-экономикалық мүмкіндіктер дәрежесіне жеткізуге мүмкіндік береді[3].

Жалпы, дағдарыстың болуын болжау өте күрделі үрдіс болып табылады. Ол келесідей ретпен жүзеге асады:

- Ұйымда дағдарыстық жағдайдың туындауына ықпал ететін барлық себептерді анықтау;

- Дағдарыстың туындауына тосқауыл болатын барлық факторларды анықтау;

- Дағдарыстың пайда болуына әсер етушілер мен кедергі болушыларды әсер ету мерзімі мен күшіне байланысты саралау;

- Дағдарысты туындатушыларды бейтараптандыру мен дағдарысқа қарсы үрдістерді ынталандыру құралдарын жасап шығару;

Дағдарысты ерте анықтау үрдісі келесі іс-шаралардан тұрады:

А. Сыртқы топ. Бұл топ сыртқы ортаның ұйымға әсер ету динамикасының талдауын қарастырады. Құрамына келесі бөлімдер кіреді:

- Макроортаның жағымсыз динамикасы (саясат, экономика, әлеуметтік, технологиялық);

- Іскерлік ортаның жағымсыз динамикасы (сатып алушылар, жеткізіп берушілер, инфрақұрылым, дәстүрлі бәсекелестер, мүмкін бәсекелестер, жергілікті және аумақтық басқарма және т.б.)

- Макроортаның жағымды динамикасы;

- Іскерлік ортаның жағымды динамикасы;

- Сыртқы ортаның ұйымда дағдарысты туындатушы және тоқтатушы тұрғысынан біріктіруші қасиеті;


В. Ішкі топ. Бұл топ сыртқы ортаның динамикалық үрдістері мен жағымды факторларды қолдану тетіктері мен сыртқы ортаның жағымсыз факторларына қарсы әсер етуіне өндірістік фирманың реакциясының талдауынан тұрады. Өндірістік фирманың стратегиялық жоспарының бұл бөлімі келесідей екі базалық элементтен тұрады:

- Фирмадағы дағдарыстық жағдайды болжауды дамыту;

- Дағдарыстық жағдайды жеңуге арналған іс-шаралар жүйесі[3].

Дағдарысқа қарсы басқару стратегиясын жасап, іске асырмас бұрын, стратегия бағытталатын мақсаттарды анықтау керек.

Дағдарыстың туындауын үрдіс ретінде келесі жағдайлар тізбегімен көрсетуге болады (Сурет 1)



Сурет 1. Дағдарыстың пайда болуының сызбасы

Жоғарыдағы суретте көрсетілгендей дағдарыс туындауы барысында, кәсіпорынның шаруашылық қызметіне әсер етуші жаңа фактор туындауы мүмкін немесе әрекет етуші фактор өзгеріске ұшырауы мүмкін. Осыған байланысты кәсіпорынның шаруашылық іс-әрекетінің жағымсыз құбылыстарының әсерінен пайда болған қиындықтарды бастан кешіруі мүмкін. Одан әрі жағымсыз құбылыстардың дамуы дағдарыстың туындауын оршітеді. Сол себепті, дағдарысқа қарсы басқару стратегиясының басты мақсаты дағдарыстың туындауына әсер етуші факторларды төмендету болып табылады.

Дағдарысқа қарсы бағдарламаларды жасау. Дағдарысқа қарсы басқару стратегиясының ішінде құрамына дағдарысқа қарсы іс-шаралар кешені кіретін, бірнеше дағдарысқа қарсы бағдарламалар болуы мүмкін.

Дағдарысқа қарсы бағдарламаларға қойылатын талаптарға келесілер жатады:

- Дағдарысқа қарсы басқару стратегиясының мақсаттарына бағытталу;
- Стратегия ішінде тепе-теңдіктің сақталуы;
- Қажетті ресурстармен қамтамасыз етілу[4].

Жалпы кәсіпорынның дағдарысқа қарсы басқару стратегиясын жасау үшін келесідей 14 кезеңнен тұратын жұмыс жасалуы керек:

1 кезең. Кәсіпорынның даму мақсаттарын және сол мақсаттарға жету мүмкіндіктерін анықтау:

Жұмысты келесі сұрақтарды талқылаумен бастау керек:

- Кәсіпорын нені көздейді?
- Қазіргі даму жағдайы қандай?

–2 кезең . Кәсіпорынның мықты және әлсіз жақтарын талдау. Яғни жалпы талдау жүргізу үшін келесідей классикалық әдістер қолданылады:

–SWOT – талдау;

–Нарықтық әлеуетін бағалау: сұраныс, ұсыныс, баға, тұтынушылар, жеткізіп берушілер, бісекелестер, стратегиялық серіктестер.

–Кәсіпорынның өндірістік мүмкіндіктерін бағалау: құрал-жабдықтардың жағдайы, сапа дәрежесі, технология әлеуеті, ассортимент икемділігі, тапсырыстарды уақытында орындау мүмкіндігі, өндіріс көлемі және т.б.

–Адам ресурстарын бағалау: саны, менеджерлер мен мамандардың квалификациясы, команданың болуы, корпоративтік рухтың болуы(ұйымдық мәдениет), өзгерістерге икемделуі, жұмыс істеу мен оқып-білуге деген талпынысы;

–Материалдық ресурстарды бағалау;

–Қаржылық жағдайды және қаржылық ресурстарды бағалау.

3 кезең. Жалпы кәсіпорын жағдайының және даму үрдісінің диагностикасы.

4 кезең. Қаржылық жағдайды талдау.

Үшінші, төртінші және екінші кезеңдер бір уақытты жүргізіледі.

5 кезең. Туындаған мәселелерді шешу үшін жобалар мен шешу жолдарын қалыптастыру.

Бұл кезең кәсіпорынның инновациялық әлеуетін анықтау үшін маңызды болып табылады. Яғни кәсіпорында идеялардың туындау санының максималды мүмкін деңгейін анықтауға негізделеді. Аз уақыт ішінде ми шабуылы және морфологиялық талдау әдістерін қолдана отырып, талдау жүргізген тиімді болып табылады.

7 кезең. Кәсіпорын қызметінің басымды бағыттарын анықтау. Бұл жерде басты мақсат. Анықталып , талданған мәселелердің ішінен ең маңызды деген, кәсіпорынның негізгі мақсатына жетуі барысында үлкен орын алатын бірнеше мәселені бөліп қарастыру,

8 кезең. Кәсіпорынды қайта құру нұсқаларын бағалау ,талдау және болжау.

9 кезең. Кешенді дайындау. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты- таңдалынып алынған маңызды бағыттар мен оларды іске асырушыларды талдап тексеру, күтілетін нәтижелерді, уақыт факторын, қажетті ресурстарды, жұмыскерлерді ынталандыру жұмыстарын алдын ала бағалау,

10 кезең. Ресурстардың шығу көздерін бағалау. Ең алдымен қаржылық ресурстардың көздері бағаланады. Яғни бұл кәсіпорында қайта құру үшін маңызды болып табылады.

11 кезең. Бірінші реттік жобаларды анықтау. Бірінші реттік жобалар анықталып, іске асыруға кететін уақытты ескере отырып, оларға керекті ресурстар бөлінеді. Бұл жерде қаржылық ағымдардың теңгерімділігі тексеріледі.

12 кезең. Командалардың қалыптасуы. Кезең мақсаты: командалық жұмыстың орындалу дәрежесін бағалау, консультант - психологтар қатысуымен өтеді.

13 кезең. Қайта құрылу бағдарламасы мен стратегиясын қалыптастыру. Бұл кезеңнен кейін шешімдер қабылданып, болашақта жобаларды іске асыру және дамыту туралы құжаттарға қол қойылады.

14 кезең. Бірінші реттік маңызды қадамдар анықталады. Және стратегияны іске асыру бойынша жұмыстар басталады. Болашақта кәсіпорын дамуында туындаған мәселелерді дер кезінде тауып себебін анықтап, шешу жолын іздестіру жұмыстары дер кезінде жүргізіліп отыруы тиіс[4].

Қазақстан кәсіпорындарында дағдарыс мүлде күтпеген тосын жай ретінде қабылданады және де бұл құбылысқа көп жағдайда, кәсіпорын персоналы дайын емес екендігі байқалады. Нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесінде макро және микродеңгейде болатын дағдарысқа қарсы шаралардың бай қоржыны бар. Нарықтық экономика жағдайында жекеленген кәсіпорындардың дағдарысы үйреншікті құбылыс болып табылады. Жалпы дағдарыстық құбылыстарға мүмкіндігінше, әдеттегі, табиғи құбылыс ретінде қарап, алдын ала мұқият түрде дайындалу керек. Сол кезде кәсіпорынға дағдарыстан тезірек шығу мүмкіндігі туындайды. Ешкім дағдарыстан қорғап қалу туралы кепілдік бермейді, бұл аяқ астынан болатын құбылыс болғандықтан, алдын ала дағдарысқа қарсы бағдарламалар жасау, мамандарды даярлау маңызды іс-шара болып табылады.

Қолданылған әдебиет

1. Жарковская Е.П., Бродский Б.Е. Антикризисное управление. – М.: Омега-Л, 2006.
2. Зуб А.Т., Панина Е.М. Антикризисное управление организацией. – М.: Инфра-М, 2007.
3. И.Г. Кукукина И.Г. Учет и анализ банкротств. Антикризисное управление: Учебное пособие/ -М.: Высшее образование, 2007. - 360 с
4. «Антикризисное управление» Теория и практика: учеб.пособие для студентов вузов, обучающихся по специальностям экономики и управления/ В.Я.Захаров, А.О.Блинов, И.В.Захаров, О.С.Рудакова; под ред. В.Я.Захарова – 3- е изд., перераб. и доп. – М.:ЮНИТИ-ДАНА, 2010.-319 с.

УДК 334 (045)

ОТАНДЫҚ НАРЫҚТАҒЫ ФРАНЧАЙЗИНГТІК БИЗНЕСТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кобетаев Бахадыр

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-ші курс магистранты

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент Дүйсембаев А.А.

Қазақстанда франчайзингтік қатынастардың орын алғанына он жылдан асты, алайда отандық экономика үшін осы бизнестің кең дамыған ұйымдық нысаны әлі де жаңа құбылыс болып табылады. Кәсіпкерліктің бұқаралық топтары қалыптасып, жүздеген адамдары өзінің бизнесімен айналысуға ұмтылыс білдіріп жатқан Қазақстан үшін франчайзинг тәжірибесі өте маңызды. Бүгінгі таңда ел экономикасында франчайзинг бизнесті ұйымдастырудың біріккен формасы бола отырып, негізгі ілімдік және әдістемелік тұрғыларын өңдеу қажет болып табылатын салыстырмалы түрде құбылыс болып саналады.

Қазақстан қатарлы нарықтық экономикасы дамушы елдерде лайықты, әйгілі